

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ ЗООТЕХНИЯ

УДК 636.2(574.54)

А. Б. Ахметалиева, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Д. А. Дуимбаев, ауыл шаруашылығы магистрі

Н. Ж. Жайназаров, магистрант

ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСП-ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада Қызылорда облысы «Берекет» шаруа қожалығының 2016 жылғы бонитировка нәтижесі бойынша қазақтың ақбас тұқымы малы төлдерінің дене өлшемдері мен тірілей салмақ өсімі динамикасының деректері келтірілген.

Түйін сөздер: Қазақтың ақбас тұқымы, тірілей салмақ, орташа тәуліктік салмақ өсімі, дене өлшемдері.

АӨК дамуының негізгі бағыттарының бірі Қазақстандағы сиыр етін өндіруде негізгі құрал болып табылатын етті ірі қара шаруашылығын дамыту, елімізді импорт тәуелсіздігінен құтқару, сонымен қатар ет және ет өнімдерін экспорттауға мүмкіндіктер туғызу - экспорттық әлеуетті арттыру тұжырымдамасының негізі болып табылады.

Қазақтың ақбас тұқымы етті тұқымға жатады. Бозымов Қ.Қ., Бозимова Р.У монографиясында келтірілген мәліметтерде, қазақтың ақбас тұқымы сиыры жергілікті қазақы және қалмақ сиырларын герефорд тұқымды бұқаларымен шағылыстыру арқылы шығарылған [1].

Е.Г. Насамбаевтың пікірі бойынша отандық етті бағыттағы тұқымды шығару барысында селекционер – ғалымдардың алдына тез өсіп-жетілетін тұқым қалыптастыру жайындағы міндет қойылмағанын айтады. Оның айтуы бойынша, шет елден Англия, Канада, АҚШ елдерінен асыл тұқым сатып алар кезінде негізінде ірі тұқымдарды таңдап алуға баса назар аударылған. Алайда 1932-1975-ші жылдар аралығында шет елдерден шағын типті ірі қараларда сатып алынған, соңғы әкелінген герефорд бұқалары әкелінген көптеген ауыл шаруашылықтарында қолданылып кейіннен аласа бойлы, аяқтары қысқа, кең кеуделі, ірі қара тұқымы кездесе бастады [2].

Ірі тип бұқашықтар, шағын тип бұқашықтарымен салыстарғанда 21 айлығында тірілей салмағы бойынша 7,5-10,0% жоғары болған. Орташа тәуліктік өсім бойынша олардың артықшылығы 11-12% құрады [3].

Біздің зерттеу жұмыстарымыздың негізгі мақсаты болып Қызылорда облысы Арал ауданы «Берекет» шаруа қожалығындағы қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасы төлдерінің өсіп-даму ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Аталған тұқымның кең таралуы генетикалық әртүрлілігімен және дене бітімінің мығымдылығымен ерекшеленеді. Жануарлардың тірілей салмағы және сүттілігі, ет шығымы және сапасы бойынша жоғары көрсеткіштерге ие бола отырып, қатал континентальды климатқа жақсы бейімделген.

Зерттеу әдістемесі. Аталған зерттеу жұмысы 2016 жылдың қаңтар айынан бастап Қызылорда облысы Арал ауданындағы етті бағыттағы қазақтың ақбас тұқымы ірі қара малын өсіру бағытына бейімделген «Берекет» шаруа қожалығында жүргізілді.

Жас төлдердің экстерьерінің өзгерісі өсуі мен дамуы, олардың 6, 8, 12, және 15 айлығындағы салмағын өлшеумен және келесі дене өлшемдерін алу арқылы анықталды: шоқтығы мен құйымшағының биіктігі, кеудесінің енділігі (жауырын сыртынан алғанда), сербек аралық ені, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеудесінің тереңдігі, кеудесінің және жіліншігінің орамы.

Шаруашылыққа пайдалы белгілердің негізінде келесідей маңызды селекциялық-генетикалық параметрлер анықталынды: \bar{x} , $S\bar{x}$, Cv , σ .

Зерттеу нәтижелері. Етті ірі қара шаруашылығында жас төлдердің өсіп-жетілуі аталған мал тұқымдарын жетілдіруде негізгі бағыт болып табылып, еттік өнімділікті анықтай отырып, селекцияның ең негізгі қағидасы болып саналады. Селекциялық-асылдандыру жұмыстары барысында жоғары сапалы ет өндіру үшін жас төлдердің тірілей салмағы, орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері маңызды болып табылады (1 кесте).

1 кесте – Қазақ ақбас тұқымы жас төлдерінің тірілей салмақ көрсеткіштері, кг

Жасы, ай	Жынысы							
	Бұқашықтар				Қашарлар			
	N	M±m	Cv	δ	N	M±m	Cv	δ
Туған кезде	21	23,2±0,37	7,21	1,68	18	21,7±0,35	6,93	1,50
6	21	186,9±1,49	3,64	6,81	18	175,4±1,37	3,32	5,82
8	21	223,1±1,38	2,83	6,31	18	208,9±0,96	1,95	40,7
12	21	305,1±1,59	2,39	7,29	18	274,2±1,62	2,50	6,87
15	21	368,7±1,75	2,17	8,0	18	318,7±1,68	2,24	7,14

Жоғарыдағы 1-ші кестеден көріп отырғанымыздай, бұқашықтардың тірілей салмағының өсу қарқындылығы тұқымдық стандарттар класына сәйкес және қашарлармен салыстырғанда тірілей салмақ көрсеткіштері бойынша 6 айлығында – 6,2 %, 8 айлығында – 6,4 %, 12 айлығында – 10,1 % және 15 айлығында – 13,6 %-ға артық болды. Сонымен қатар негізгі селекциялық қағидалардың біріне орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері де жатқызылады. Орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері төмендегі кестеде көрсетілген (2 кесте).

2 кесте – Қазақ ақбас тұқымы жас төлдерінің орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері

Жастық кезең, ай	Жынысы			
	Бұқашықтар (n=21)		Қашарлар (n=18)	
	абсолютті салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г	абсолютті салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г
8-12	82,1	684,5±14,10	65,3	544,4±8,30
12-15	63,6	706,3±11,49	44,4	493,8±9,78
8-15	145,7	693,9±8,70	109,8	522,8±4,81

Жоғарыдағы 2-кестеде көрсетілгендей, тәуліктік орташа салмақ қосудың ең жоғарғы көрсеткіші бұқашықтарда 12-15 айында, ал қашарларда 8-12 айлығындағы мерзімде болса, ең төменгі көрсеткіш бұқашықтарда 8-12 айында, ал қашарларда 12-15 айлық кезеңінде байқалды. Сонымен қатар, бұқашықтардың 8 және 12 айлығы кезінде дене бітімінің жетілуін, яғни экстерьерлік ерекшеліктерін бақылау үшін дене өлшемдері алынды. Аталған мәліметтер төмендегі 3-ші кестеде көрсетілген.

Жасының өзгеруіне байланысты генетикалық және паратипикалық факторлардың әсерінен жас төлдердің денесінің көлемі мен формасы өзгереді анық. Жануарлардың денесінің көлемімен формасының өзгеруіне олардың өсіп-жетілуінің барлық кезеңдерінде тірілей салмақтың тигізетін тікелей әсері зор.

3 кесте – Зерттеудегі бұқашықтардың дене өлшемдері көрсеткіштері, см

Дене өлшемдері көрсеткіштері	8 ай (n=7)			12 ай (n=7)		
	$\bar{x} \pm S \bar{x}$	Δ	C_v	$\bar{x} \pm S \bar{x}$	Δ	C_v
Шоқтығының биіктігі	107,7±0,5	1,8	1,7	113,5±0,4	1,8	1,6
Құйымшағының биіктігі	110,2±0,4	1,8	1,6	115,4±0,4	1,7	1,5
Кеудесінің тереңдігі	51,6±0,5	1,8	3,5	61,6±0,5	1,8	2,9
Кеудесінің енділігі	32,3±0,4	1,7	5,3	34,3±0,6	2,3	6,6
Сербек аралық енділігі	34,3±0,4	1,7	4,9	154,7±1,3	5,1	3,3
Кеудесінің орамы	147,9±0,9	3,7	2,5	120,6±0,6	2,2	1,9
Тұрқының қиғаш ұзындығы	108,4±0,3	1,2	1,1	38,1±0,8	3,2	8,5
Жіліншігінің орамы	17,1±0,1	0,6	3,3	18,8±0,2	0,6	3,4

Жас төлдерді өсіру барысында 8 айдан 12 айға дейінгі аралықта кеуде дамуымен дене бітімінің жетілуі анық байқалады. Жас ерекшеліктеріне байланысты 12 айға жеткен кезде жас төлдердің бойының өсу қарқындылығы біртеңдеп бәсеңдеп, еттік формалардың қалыптасуына байланысты көлемі мен енінің кеңеюі анықталды.

Жануарлардың кеуде орамының көлемі ұлғайып, тұрқының созылыққылығы да арта бастады. Бұл ірі қара малының өзіндік тұқымдық ерекшелігіне байланысты төлдік кезеңде қаңқа сүйектері тез жетіліп-дамитындықтан, барлық жануарларға тән қасиет.

Жануарлардың еттік формаларының анық байқалуы, олардың дене бітімінің индекстерін айқындап беріп, дененің кейбір анатомиялық бөліктерін айқын байқауға мүмкіндіктер туғызады (4-кесте).

4 кесте – Зерттеудегі бұқашықтардың дене бітімі индекстері көрсеткіштері, %

Дене бітімінің индексі	Жасы, ай							
	8				12			
	n	$\bar{x} \pm S \bar{x}$	δ	C_v	N	$\bar{x} \pm S \bar{x}$	Δ	C_v
Сирақтылығы	7	51,9±0,3	1,4	2,6	7	46,2±0,3	1,1	2,4
Тұрқы сипаты	7	100,7±0,3	1,3	1,3	7	106,2±0,3	1,2	1,1
Кеуделілігі	7	62,3±0,6	2,2	3,6	7	56,2±0,7	2,9	5,2
Дене еңселілігі	7	136,4±0,7	2,9	2,1	7	128,3±0,8	3,3	2,5
Дене жұмырлығы	7	137,3±0,5	1,9	1,4	7	136,3±0,9	3,6	2,6
Сүйектілігі	7	16,4±0,1	0,4	2,2	7	16,5±0,1	0,4	2,6

Зерттеудегі бұқашықтардың дене бітімінің индекс көрсеткіштерінің ерекшелік ара қатынасы бірдей деңгей көлемінде болды. Жануарлар бойының өсуімен қатар, зерттеуге алынған дене өлшемдерінің индекстері де өзгерістерге ұшырады. Туындаған өзгерістер заңдылық болып табылады. Егерде төлдердің жасының өзгеруі фенотиптік ерекшеліктеріне қарамастан сирақтылығы, кеуделілігі, дене еңселілігі және дене жұмырлығы индекстері төмендесе, тұрқының созылыққылығы мен сүйектілік көрсеткішінің пайыздық мөлшерде үлес салмағының артқанын байқаймыз. Бұл аталған өсу қарқындылығын жас төлдердің дамуының біркелкілік көрінісін көрсете алмайды. Бұның себебі дұрыс азықтандырмау, күтіп-бағу жүйесінің дұрыс орындалмауы болуы мүмкін.

Қорытынды. Сонымен, қарқынды өсу барысында генетикалық факторлардың жас төлдердің жетілуі кезеңіне тікелей әсерін байқаймыз. Негізінен жас төлдердің өсіп-жетілу деңгейі өзіндік тұқымдық қасиеттерге сай, қазіргі заманғы талаптарға жауап бере алады. Жас төлдердің өсіп-жетілу барысындағы кейбір ауытқушылықтарды азықтандырудың төменділігімен түсіндіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бозымов К.К. Казахская белоголовая порода скота / К.К. Бозымов, Р.У. Бозымова // Вестник РАСХН. – Москва. – 2009. – 9 б.
- 2 Насамбаев Е.Г. Воспроизводительная способность телок казахской белоголовой породы и ее помесей / Е.Г. Насамбаев, А.Б. Ахметалиева // Вестник с.-х. науки Казахстана. – Алма-Ата, 2006. – №7. - 38-40 б.
- 3 Насамбаев Е.Г. Использование герефордов канадской селекции в совершенствовании продуктивных качеств скота казахской белоголовой породы / Е.Г. Насамбаев, А.Б. Ахметалиева, Н.М. Губашев // Индустриально-инновационная политика: состояние и перспективы развития: материалы междунар. науч.-практ. конф. (ЗКАТУ, 23-24 июня 2006 г.). – Уральск. – 2006. – 12-16 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье приведены данные динамики роста промеров телосложения и живой массы молодняка казахской белоголовой породы скота КХ «Берекет» Кызылординской области по результатам бонитировки 2016 года.

RESUME

This article presents data of the dynamics of growth and body measurements of live weight of young Kazakh white breed of cattle farm "Bereket", Kyzylorda region on the results of appraisal in 2016.

УДК 637.56:636.2

Р. С. Гизатуллин¹, доктор сельскохозяйственных наук, профессор,

Т. А. Седых¹, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент,

В. И. Косилов², доктор сельскохозяйственных наук, профессор,

Е. Г. Насамбаев³, доктор сельскохозяйственных наук, доцент

¹Башкирский государственный аграрный университет, г. Уфа, Башкортостан, РФ

²Оренбургский государственный аграрный университет, г. Оренбург, Россия

³Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, Уральск, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ АККЛИМАТИЗАЦИИ ГЕРЕФОРДОВ ЗАРУБЕЖНОЙ СЕЛЕКЦИИ К УСЛОВИЯМ СТЕПНОЙ И ЛЕСОСТЕПНОЙ ЗОН

Аннотация

В статье приводятся результаты исследования клинико-физиологических показателей крупного рогатого скота герефордской породы австралийской селекции при акклиматизации к условиям Предуральской степной и лесостепной зон Южного Урала. В задачи исследования входил анализ климатических условий содержания животных в штате Новый Южный Уэльс и в Республике Башкортостан, изучение клинико-физиологических показателей крупного рогатого скота по сезонам в течение трех лет пребывания животных в новых условиях разведения; анализ коэффициентов адаптации, толерантности, термоустойчивости, индексов теплоустойчивости и холодоустойчивости, характеризующих адаптационную способность животных к существованию в условиях высоких и низких температур резко-континентального климата.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, герефордская порода, австралийская селекция, акклиматизация